

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 15 маусымдағы № 324 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 маусымда № 32842 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 262-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
міндетін атқарушы*

М. Пшембаев

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 15 маусымдағы
№ 324 Бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 262-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Сақталған жеріне қарамастан мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары республикалық меншік болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) есеп – мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы мен қозғалысын көрсететін уәкілетті органның, жұмылдыру тапсырмалары бар мемлекеттік органдардың, сақтау пункттерінің есеп беру құжаттамасының нысаны;

2) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резерв саласындағы ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымы (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты ұйым) – мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру мен сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) мемлекеттік орган - жұмылдыру тапсырмасын орындаушы немесе жұмылдыру тапсырмасы алынған орталық атқарушы орган;

5) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері (бұдан әрі – сақтау пункттері) – мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

2-тарау. Жұмылдыру резервін қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну тәртібі

4. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есепті дайындау кезінде сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым ай сайын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына түгендеу жүргізеді.

5. Түгендеу жүргізу үшін сақтау пункті немесе ведомстволық бағынысты ұйым басшысының бұйрығымен түгендеу комиссиясы құрылады, түгендеу жүргізуді бастау және аяқтау мерзімдері белгіленеді.

Түгендеу комиссиясы сақтау пункті немесе ведомстволық бағынысты ұйым қызметкерлерінің арасынан құрылады, бас бухгалтерді қамтиды (бар болса) және оны сақтау пункті немесе ведомстволық бағынысты ұйым басшысы басқарады.

6. Түгендеу комиссиясы түгендеуді толық құрамда ғана жүргізеді. Материалдық құндылықтардың іс жүзінде болуын тексеру материалдық жауапты тұлғалардың тікелей қатысуымен жүргізіледі.

7. Түгендеу кезінде материалдық құндылықтардың болуы міндетті түрде есептеу, салмақтау, өлшеу жолымен айқындалады. Төсек материалдарының массасын (салмағын немесе көлемін) айқындауды көлемін өлшеу және техникалық есептеулер негізінде жүргізуге рұқсат етіледі, ол туралы тізімдемеде тиісті белгі қойылады.

Есеп объектілерінің іс жүзінде болуы туралы мәліметтер түгендеу тізімдемелерінде (салыстыру ведомостары) немесе түгендеу актілерінде (бұдан әрі – тізімдемелер) жазылады.

8. Тізімдемелер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша материалдық құндылықтардың орналасқан жері және олардың сақталуына жауапты материалдық жауапты тұлғалар бойынша жеке екі дана жасалады.

Тізімдемелерге түгендеу комиссиясының төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды. Тізімдеменің соңында материалдық жауапты тұлғалар түгендеу комиссиясының материалдық құндылықтарды олардың қатысуымен тексергенін растайтын, түгендеу комиссиясы мүшелеріне қандай да бір шағымның жоқтығы және тізімдемеде санамаланған материалдық құндылықтарды жауапты сақтауға қабылдағаны туралы қолхат береді.

Жарамсыз болып қалған құндылықтарға бөлек түгендеу тізімдемесі жасалады. Түгендеу комиссиясының хаттамасында олар бүліну себептері және/немесе бұған кінәлі адамдар көрсетіле отырып, жеке белгіленеді.

9. Тізімдемелер қолмен немесе компьютерлік техниканың көмегімен, өшірісіз және түзетулерсіз толтырылады.

Тізімдеменің әрбір бетінде жазбаша түрде материалдық құндылықтардың реттік нөмірлерінің саны жазылып көрсетіледі және осы құндылықтар қандай өлшем бірліктерінде (данада, килограммда, метрде) көрсетілгеніне қарамастан, осы бетте жазылған заттай көрсеткіштерде құндылықтар санының жалпы қорытындысы беріледі.

Қателерді түзету дұрыс емес жазуды сызып тастау және сызып тасталған деректердің үстіне дұрыс жазуларды жазу жолымен тізімдемелердің барлық данасында жүргізіледі. Түзетулер көрсетіліп, оларға түгендеу комиссиясының барлық мүшелері мен материалдық жауапты адамдар қол қояды.

Тізімдемелерде толтырылмаған жолдарды қалдыруға жол берілмейді. Тізімдемелердің соңғы парақтарындағы толтырылмаған жолдарда сызықша қойылады.

10. Түгендеу аяқталған соң ресімделген тізімдемелердің бір данасы сақтау пунктінің немесе ведомстволық бағынысты ұйымның бухгалтерлік қызметіне тізімдемелердің нәтижелерін тексеру, анықтау және есепте көрсету үшін тапсырылады, ал екінші данасы материалдық жауапты адамда қалады.

11. Сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым жеткізілген және шығарылған материалдық құндылықтар бойынша деректердің негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмылдыру резервін қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді ай сайын дайындайды және материалдық құндылықтарды түрлері бойынша бөле отырып, есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей, ведомствоға жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ұсынады. Есепке басшы мен бас бухгалтер қол қояды.

Есепке сақтау пункттерінде немесе ведомстволық бағынысты ұйымда сақтауда тұрған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының жай-күйі, қозғалысы, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері туралы ақпарат көрсетілетін түсіндірме жазба қоса беріледі.

12. Ведомство сақтау пункттері және ведомстволық бағынысты ұйым ұсынған есептердің негізінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының есептік мәліметтеріне талдау мен салыстырып тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмылдыру резервін қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы жиынтық есеп жасайды, оған сақтау пункттерінде және ведомстволық бағынысты ұйымда сақтауда тұрған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының жай-күйі мен қозғалысы, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері туралы ақпарат көрсетілетін түсіндірме жазба қоса тіркеледі. Жиынтық есепті ведомство бөлімше есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі саласындағы уәкілетті органына ұсынады.

3-тарау. Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есепті дайындау кезінде осы Қағидалардың 5-10-тармақтарына сәйкес сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарына жыл сайын түгендеу жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Сақтау пункттері түгендеу тізімдемесінің негізінде жыл сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанда 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есепті 3 (үш) дана жасайды, оның бір данасы сақтау пунктінде қалады, екінші данасы мемлекеттік органға ұсынылады, үшінші данасы 10 қаңтардан кешіктірілмей ведомствоға ұсынылады.

Ведомстволық бағынысты ұйым түгендеу тізімдемесінің негізінде жыл сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есепті 2 (екі) данада жасайды, оның бір данасы ведомстволық бағынысты ұйымда қалады, екінші данасы 10 қаңтардан кешіктірілмей ведомствоға жіберіледі.

Сақтау пункттерінде немесе ведомстволық бағынысты ұйымдарда сақтауда тұрған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат көрсетілген түсіндірме жазба есепке қоса беріледі. Есепке басшы, бас бухгалтер және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының сақталуына жауапты адам қол қояды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ведомство сақтау пункттері және ведомстволық бағынысты ұйым ұсынған есептердің негізінде жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының есептік деректеріне талдау және салыстырып тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы жиынтық есеп жасайды, оған ақшалай түрдегі жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы мен сақтау пункттерінің және ведомстволық бағынысты ұйымның есептілігі туралы мәліметтер бар жиынтық кестелер қоса тіркеледі. Жиынтық есепке жұмылдыру

резервінің тұтастай алғанда және жеке салалар бойынша жай-күйін көрсететін түсіндірме жазба, ағымдағы проблемалар мен жұмылдыру резерві саласындағы жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар қоса беріледі.

16. Ведомство Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі саласындағы уәкілетті органға жиынтық есепті 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

17. Сақтау пунктiнен жұмылдыру тапсырысы одан әрi алынған жағдайда, жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтау мен олардың бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді ұсыну материалдық құндылықтар толық шығарылғанға дейін жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарының
бар-жоғы және қозғалысы
туралы есептерді
дайындау және ұсыну
қағидаларына
1-қосымша

(толтыру бойынша құпиялылық белгісі
)

сақтау пунктiнің немесе ведомстволық бағынысты ұйымның атауы Түгендеу тізімдемесі (салыстыру ведомосы) № ____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

Комиссия құрамы _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

(лауазымы, Т.А.Ә.)

(лауазымы, Т.А.Ә.)

20__ жылғы " ____ " _____ бұйрықтың негізінде _____
_____ болуын тексерді

Тексеру орны _____

Материалдық жауапты тұлғаның аты-жөні, тегі _____

жол №	материалдық құндылықтардың атауы	тексеру кезінде іс жүзінде шыққаны					бухгалтерлік есеп деректері бойынша		түгендеу нәтижелері				ескертпе
		номенклатуралық (түгендеу нөмірі)	өлшем бірлігі	бағасы	саны	сомасы	саны	сомасы, теңге	кем шыққаны		артық шыққаны		
									саны	сомасы, теңге	саны	сомасы, теңге	
Жиыны...													

Жиыны: а) реттік нөмірлері _____

(жазумен)

б) бірліктердің жалпы саны, іс жүзінде _____

(жазумен)

в) сомасына, теңге _____

(жазумен)

Комиссия төрағасы _____

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: _____

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Осы түгендеу тізімдемесінде аталған №__ - №__ аралығындағы барлық материалдық құндылықтарды түгендеу комиссиясы менің (біздің) қатысуыммен/ қатысуымызбен заттай түрде тексерді және олар тізімдемеге енгізілді, осыған байланысты тіркеу комиссиясына наразылығым (наразылығымыз) жоқ.

Тізімдемеде санамаланған материалдық құндылықтар менің (біздің) жауапты сақтауымда (сақтауымызда).

Материалдық жауапты адам (адамдар) _____ " ____ " _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

Осы тізімдемеде көрсетілген деректерді және есептемелерді _____

_____ тексерді

" " _____
(лауазымы)(қолы) (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарының
бар-жоғы және қозғалысы
туралы есептерді
дайындау және ұсыну
қағидаларына
2-қосымша

(толтыру бойынша құпиялылық белгісі
)

_____ бойынша 20 ____ жылғы _____ жағдай бойынша (сақтау филиалының
немесе пунктінің атауы) жұмылдыру резервін қоспағанда, мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есеп

Р/с №	Материал дық құндылы қтардың атауы	Өлшем бірлігі	Өндіруші нің атауы	Өнім берушіні ң атауы	Тауарды ң әзірленге н күні (айы, жыл)	Сақталу уақыты (жылдард а/айларда)	Сақтау уақытын ы ң аяқталу мерзімі	20 ____ жылғы _____ басындағы бар-жоғы	
								Саны	Сомасы, мың теңге
	Барлығы								

Кестенің жалғасы

20__ жыл бойынша операция жасау						Оның ішінде жаңартуға жататыны (бағанаға сақтау пункттері толтырылады)	
20__ жылы жеткізу		20__ жылы шығару		__ жыл бойынша бар-жоғы (сақтау)			
Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге

Басшы _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Бас бухгалтер _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарының
бар-жоғы және қозғалысы
туралы есептерді
дайындау және ұсыну
қағидаларына
3-қосымша

(толтыру бойынша құпиялылық белгісі) 20__ жылғы _____ жағдай бойынша _____ жұмылдыру резервін қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы жиынтық есеп

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	20__ жылға есепке алу бойынша бар-жоғы (сақтау)		20_ жыл бойынша операция жасау				____ жылға есепке алу бойынша бар-жоғы (сақтау)		Бекітілген номенклатураға сәйкес сақтау көлемі	Сақтау нормаларының орындалуы (%)
			Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Сомасы, мың теңге		
	Барлығы											

Басшы _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Бас бухгалтер _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидаларына 4-қосымша

(толтыру бойынша құпиялылық белгісі)

Жіберіледі

(алушының атауы мен мекенжайы)

Сақтау пункті

(атауы)

Министрлік (ведомство) _____

Сақтау пунктінің мекенжайы _____

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы 20 жыл бойынша есеп

	Материалдық құндыл		Бекітілген номенклатуралар	Жыл басында		
				Броньнан шығарылған	Броньнан шығарылмаған	Барлық жиналғаны

Р/с №	ықтарды ң атауы	Өлш. бірл.	ғ а сәйкес жинақта у көлемі	Салынға н жылы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кестенің жалғасы

Жыл аяғында						Жетіспеушілік		Ескертпе
Броньнан шығарылған		Броньнан шығарылмаған		Барлық жинағы				
саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	
12	13	14	15	16	17	18	19	20

Мөрдiң орны (болған жағдайда) Кәсiпорын басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Бас есепшi _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

Жұмылдыру қызметкерi/жұмылдыру резервiнiң материалдық құндылықтарының
сақталуына жауапты адам _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

**Қағидаларды 5-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар
министрінің 22.10.2025 № 458 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**